

Гүлдана Мұхтарбекқызы

Тістің арманы

Ертегі

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӘЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)
М86

Мұхтарбекқызы Г.

М86 Тістің арманы: Ертегі. / Мұхтарбекқызы Гүлдана.

– Алматы: Астана-кітап, 2021. – 30 б.

ISBN 978-601-7595-41-8

Әр адамның арманы болатыны сияқты, тіс пен көздің, қол мен аяқтың да арманы болады екен. Өз армандарын дене мүшелері туған күн кешінде айтады. Алайда бұл жиынға тіс қатыса алмайды. Тіс не себептен келе алмады? Оның арманы қандай? Осы сұрақтардың жауабын Әлиманың әжесі айтатын ертегіден біле аласың.

ӘӘЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-41-8

© Астана-кітап, 2021




Тістің арманы



Бүгін алты жасар Әлиманың туған күні. Соған орай атасы мен әжесі ауылдан келді. Әлиманың әжесі оған құрт, жент пен бауырсақ әкелді.



Ал атасы оған сырға мен шолпы сыйлады. Әлима әшекейлерін тағып алып, бәріне мақтанды.



Ата-анасы мен құрбыларынан да неше түрлі сыйлық алған Әлиманың қуанышында шек болмады.



Бірақ кешке жақын Әлиманың тісі ауырып қалды. Көздері жасаурап, көңілі түсті. Тамақ ішуге зауқы соқпады. Анасы бірден тіс дәрігеріне көрсетпек еді. Бірақ Әлима дәрігерге баруға қорықты.

Әжесі де Әлиманы айналып-толғанып, ол үшін уайымдады:

– Әже, мен дәрігерден қорқамын, – деді жыламсырап. Аянышты көздерімен әжесіне қарады.

– Дәрігер ауырған жеріңді емдеп, сауықтырады. Ал сау болған кезде, әрбір дене мүшең өз арманын орындай алады!